ATYRAU OBLYSY BILIM BERU BASQARMASYNYN ÄDISTEMELIK ORTALYQY

Nazarbayev Intellectual Schools

Center of Excellence in Atyrau

NIS

ДИПЛОМ

«Мектеп командасы: жоба, нәтиже, болашақ» фестивалінде
мектептегі өзгерістерді басқару және командамен
жұмыс жасаудағы идеялық бастамашыл ізденістері үшін

Бурлинградың ауданы
Жұржау орта мектебі

«Идеялардың генераторы» номинациясымен
марапатталады

Атырау облысы Білім беру басқармасы
Әдістемелік орталығының директоры

Баймашова Д.К.

«Педагогикалық шеберлік орталығы»
Атырау қаласы филиалының директоры

Унгарова Т.Б.

Атырау қаласы, 25 сәуір 2023 жыл

Бекітемін
Мектеп директорының уақытша
міндетін атқарушы
_____Н.Уахитова
« » _____2022ж

1.Жалпы мәлімет

1.1.	Білім беру ұйымының атауы	«Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Нұржау жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
1.2.	Жобаның тақырыбы	Математика пән мұғалімдерінің пәндік құзіреттіліктерін бірін-бірі оқыту тәжірибесі арқылы жетілдіру
1.3.	Себептері	1. Пәндік олимпиада нәтижесінің төмендігі 2. ҰБТ көрсеткішінің төмендігі (орта балы 6,4) 3. Білім алушылардың оқуға қызығу талпыныстарының болмауы 4. Үй тапсырмасын орындаудағы олқылықтар 5. Математика пәнінің білім сапасының төмендігі 6. Оқушылардың оқу жетістіктерін талдау әлсіз;
1.4.	Мақсаты	Математика пәнінің сапасын көтеру, білім алушыларды білім алудағы жоғары нәтижелерге талпынысын тудыртуға ынталандыру.
1.5.	Міндеттері	1.Жағдаяттар арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту; 2. Дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту; 3. Оқу мен оқытудағы белсенді әдістер арқылы оқушылардың қызығу талпыныстарын көтеру; 4. Оқушының материалды қабылдау ерекшеліктерін ескеру; 5. Жеке дара оқыту үрдісін ұйымдастыру; 6. 11 адамнан тұратын команда құрамын айқындау; 7. БЖБ, ТЖБ өткізу арқылы оқушылардың оқу жетістіктеріне нақты талдау жасау;

1.6.	Табыс критерийлері	1. Команда мүшелеріндегі 11 мұғалім «Математика пән мұғалімдерінің пәндік құзіреттіліктерін бірін-бірі оқыту тәжірибесі арқылы жетілдіру» тақырыбындағы коучингке қатысып, пәннің құзыреттілігін арттырудың маңыздылығын түсінеді. 2. Оқушы - мұғалім, мұғалім-мұғалім, мұғалім-ата-ана модельдері бойынша тиімді коммуникация орнату әдістерін үйренеді. 3. Математика пәнінен БЖБ, ТЖБ қорытындыларына нақты талдау жасай отырып, пән мұғалімдері оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын жақсартады. 4.Оқушының болашақта белгілі бір мамандық иесі болуына жағдай жасалады. 5. Пәннің сапасы артады.
	Қатысушылар	Математика пәні мұғалімдері
	Іске асыру мерзімі	2022-2023 оқу жылы

1. Дайындық кезеңі						
р/с	**Атауы**	**Мақсаты**	**Табыс критерийі**	**Жауапты**	**Мерзімі**	**Қайта қарау**
1.1	Кәсіби сұхбат	Мектеп директорымен курстың негізгі мақсаты, табыс критерийлері не жетудің жолы жөнінде сұхбаттасу.	Жоспарланған жоба туралы түсінеді.	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова	қыркүйек	
1.2	Семинар «Команда және біз»	Команда құруға байланысты материалдарды талдау	Берілген ресурстарды талдай отырып, жобаның негізгі идеясын ұғынады.	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	қыркүйек	«Білім алушыға бағдарланған білім беруді дамыту» ресурсын талдау (ресурс 1.2)
1.3	Команда құру	Жұмыс тобының командаға айналдыру тетіктерін табу	Команда 11 адамнан құрылады. Команданың құрылу мақсатын түсінеді.	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	қыркүйек	«Білім беру мақсаттары мен мазмұнын өзгерту туралы зерттеулер» ресурсын талдау (ресурс 1.1)

1.4	Сауалнама жүргізу	Оқушы үнін есту	Өз бетімен жұмыстануды дағдыға айналдырады.	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	қыркүйек	«Оқу процесін ұйымдастыру және білім сапасын көтеру» 4.4 ресурс
1.5	Айқындалған проблеманы талдау	Команда мүшелері болып проблеманы шешу жолын қарастыру	Оқушы - мұғалім, мұғалім-мұғалім, мұғалім-ата-ана модельдері бойынша жұмыстану	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	қыркүйек	«Ұжымдық процестерді және оқыту тәсілдерін дамыту» ресурсын талдау. Ресурс 1.4
1.6	Бақылау жұмыстарын өткізу арқылы білім алушылардың білім деңгейін анықтау	Тестілеу арқылы бағдарламадағы білім деңгейін анықтау	Тест өткізу арқылы нәтиже көрсету	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	қазан	
2. Іске асыру кезеңі						
2.1.	«Математика пәнін оқытудағы белсенді оқу әдістемесі»	Сабақ процесіндегі топтық, жұптық, жеке жұмыстардың пәрмендігін арттыру	Команданың жұмысын жақсарту шаралары туралы ойлануға көмектеседі.	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	қараша	«Инновацияларды қолдаудың 4 тәсілі» 3.2. ресурс
2.2.	Математика пәні сабақтарына қатысу.	Сабақты бақылау	Болашақта қалай жасайтындығы, не өзгеретіндігі жоспарланады	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда	қараша қаңтар	

				мүшелері		
2.3.	ҚМЖ-ны бірігіп жоспарлау	Нәтижелі сабаққа қол жеткізу	Жетістіктер мен жақсартуға тұратын жақтары айқындалады	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	қараша қаңтар	
2.4.	Қатысқан сабақтарды талдау, тәжірибе алмасу.	Сабақтарға кері байланыс беру	Жағымды қарым-қатынас құрылып, сабақтарын жақсартатын кері байланыс күтеді	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	желтоқсан ақпан	«Команда жұмысындағы кедергі қиындықтар» 3.1 ресурс
2.5.	Іске асыру кезеңі туралы деректер жинау	Жүргізілген жұмыстардың нәтижесін көрсету		Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	наурыз	
2.6.	«Математикалық тренинг»	Қосымша ақпараттармен қаруландыру	Қосымша ақпараттармен қаруланады, жұмысқа бағыт-бағдар алады	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	наурыз	
3. Қорытынды кезең						
3.1	Командалық тимбилдинг өткізу	Командалық жұмысты жүргізудің тиімділігін арттыру	Командалық жұмыс жасауға мұғалімдердің ынтасы артады	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	сәуір	
3.2	Сауалнама жүргізу	Оқушы үнін есту	Жобадан кейінгі оқушы үнін тыңдау	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	сәуір	



3.3	Мониторинг жасау	Жинақтақталған ақпараттармен жұмыс	Ақпарат нәтижесімен таныстыру	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	сәуір	
3.4	Қорытынды кезеңі туралы деректер жинау	Жүргізілген жұмыстардың нәтижесін көрсету		Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	мамыр	
4.Тәжірибе алмасу						
4.1	Деректерді жинақтап басып шығару	Тәжірибе жинақтау	Жинақ, топтама шығарылады	Н.Уахитова Г.Бакешова Қ.Құспанова және команда мүшелері	мамыр	

Команда мүшелері туралы мәлімет

р/с	Мұғалімдердің аты-жөні	Пәні	Санаты	Еңбек өтілі	Оқыту тілі
1	Кенжегалиева Гульбаршын	бастауыш	Пеагог-зерттеуші	29	Қазақша
2	Уахитова Нұргүл	Биология	Пеагог-зерттеуші	29	Қазақша
3	Куспанова Каламкас	Бастауыш	Пеагог-зерттеуші	18	Қазақша
4	Бакешова Гүлханат	Тарих	Пеагог-сарапшы	19	Қазақша
5	Құбашева Майра	Информатика	Пеагог-зерттеуші	30	Қазақша
6	Құлжанова Зәуре	Математика	Бірінші санатты	30	Қазақша
7	Сағындыққызы Айнагүл	Математика	Пеагог-модератор	5	Қазақша
8	Исаева Айша	Математика	Бірінші санатты	30	Қазақша
9	Газизова София	Бастауыш	Пеагог-сарапшы	21	Қазақша
10	Абдуллаева Марта	Бастауыш	Пеагог-сарапшы	17	Қазақша
11	Ибрагимова Арзи	Бастауыш	Пеагог-сарапшы	22	Қазақша

Бекітемін
Мектеп директорының
міндетін атқарушы
_____Н.Уахитова
«17» қараша 2022 ж

Күні:	*17.10.2022ж*
Коучингтің тақырыбы:	Математика пәнін оқытудағы белсенді оқу әдістемесі.
Жалпы мақсаты:	Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер туралы түсініктер қалыптастыру, оқыту сапасын жақсарту үшін жаңа әдіс – тәсілдерді тиімді пайдалануға бағыт беру.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдерде оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді өз тәжірибесіне қалай ықпалдастыру керектігін түсінеді; Өз тәжірибелерінде орынды пайдалана алады; Сабақ беру әдісін өзгертеді;
Практикалық тапсырма	Мұғалім тәжірибесіне жаңа әдістерді енгізу,топпен жұмыс.

Кезеңдер	Коучтің әрекеті	Мұғалімнің әрекеті
Ұйымдастыру	1.жағымды ахуал қалыптастыру. «Өмірлік ұстанымым»	1. Әр мұғалім өмірлік ұстанымын айтып, келесі мұғалімге жолдайды.
Кіріспе бөлім	Тақырыпқа кірісу үшін сұрақтар қояды Күнделікті сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланасыз ба? Күнделікті сабақтарда жиі қолданатын әдіс-тәсілдеріңіз қандай? Бір сабақ үстінде қанша әдіс түрлерін пайдаланасыз? Әдіс-тәсілдерді не үшін өзгерту керек? Әдіс-тәсілдерді түрлендіру нәтиже береді деп ойлайсыз ба? Сабақтың сапалы өтуі әдіс-тәсілге тәуелді ме?	 Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын ортаға салады.
Негізгі бөлім (теориялық білім)	«Математика пәнін оқытудағы белсенді оқу әдістемесі» слайд көрсету	 Таратпа қағаздармен жұмыс. Оқып өту. Слайдтан алған мәліметтері мен

	Әдіс – тәсілдер түрлері жинақталған ресурс тарату Таратылған ресурс бойынша әдіс – тәсілдерді сабақтың қай кезеңіне пайдалануға болады және өз тәжірибелеріндегі әдіс-тәсілдермен бөлісіп, постер жасауды ұсынамын Топтарға бір-бірін «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» бойынша бағалауды ұсынамын	өз жұмыстарын саралай отырып ой тұжырымдайды. Ресурспен танысады Ресурс мазмұны мен өз тәжірибелеріндегі әдіс-тәсіл түрлерін сабақ кезеңдеріне бөледі, қатысушыларға таныстырады Топ мүшелері «Екі жұлдыз, бір ұсыныстарын » стикерлерге жазып, жапсырады
Қорытынды бөлім	Коуч кері байланыс жұмысын жүргізеді Кері байланыс парақтарын таратады	Кері байланыс парағын толтырады




л, балалар, оқылық!















ұлттар, оқылық!

Бекітемін
Мектеп директорының
Міндетін уақытша атқарушы
_____ Н.Уахитова
«__» _____ 2022 ж


Күні:	*17.10.2022ж*	
Коучингтіңтақырыбы:	Математика пәнін оқытудағы белсенді оқу әдістемесі.	
Жалпы мақсаты:	Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер туралы түсініктер қалыптастыру, оқыту сапасын жақсарту үшін жаңа әдіс – тәсілдерді тиімді пайдалануға бағыт беру.	
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдердеоқыту мен оқудағыжаңатәсілдердіөзтәжірибесінекалайықпалдастырукеректігінтүсінеді; Өзтәжірибелеріндеорындыпайдаланаалады; Сабақ беру әдісінөзгертеді;	
Практикалық тапсырма	Мұғалім тәжірибесіне жаңа әдістерді енгізу,топпен жұмыс.	
Кезеңдер	Коучтің әрекеті	Мұғалімнің әрекеті
Ұйымдастыру Кіріспе бөлім	1.жағымды ахуал қалыптастыру. «Өмірлік ұстанымым» Тақырыпқа кірісу үшін сұрақтар қояды Күнделікті сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланасыз ба? Күнделікті сабақтарда жиі қолданатын әдіс-тәсілдеріңіз қандай? Бір сабақ үстінде қанша әдіс түрлерін пайдаланасыз? Әдіс-тәсілдерді не үшін өзгерту керек? Әдіс-тәсілдерді түрлендіру нәтиже береді деп ойлайсыз ба? Сабақтың сапалы өтуі әдіс-тәсілге тәуелді ме?	1. Әр мұғалім өмірлік ұстанымын айтып, келесі мұғалімге жолдайды.  Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын ортаға салады. 
Негізгі бөлім	«Математика пәнін оқытудағы белсенді оқу	Таратпа қағаздармен жұмыс. Оқып өту.

(теориялық білім)	әдістемесі» слайд көрсету Әдіс – тәсілдер түрлері жинақталған ресурс тарату Таратылған ресурс бойынша әдіс – тәсілдерді сабақтың қай кезеңіне пайдалануға болады және өз тәжірибелеріндегі әдіс-тәсілдермен бөлісіп, постер жасауды ұсынамын Топтарға бір-бірін «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» бойынша бағалауды ұсынамын	Слайдтан алған мәліметтері мен өз жұмыстарын саралай отырып ой тұжырымдайды. Ресурспен танысады Ресурс мазмұны мен өз тәжірибелеріндегі әдіс-тәсіл түрлерін сабақ кезеңдеріне бөледі, қатысушыларға таныстырады Топ мүшелері «Екі жұлдыз, бір ұсыныстарын » стикерлерге жазып, жапсырады
Қорытынды бөлім	Коуч кері байланыс жұмысын жүргізеді Кері байланыс парақтарын таратады	Кері байланыс парағын толтырады












оқылық!




л, балалар, оқылық!



Нұржау жалпы орта мектебі бойынша мектеп командасының атқарған жұмысынан хабарлама

2021-2022 оқу жылында мектеп командасы «Тиімді коммуникация арқылы оқушылардың өз бетімен оқуын ұйымдастыру» тақырыбында жұмыстар жүргізілді. Бұл тақырыпты алудағы негізгі себепті анықтау барысында мектеп білім алушыларымен сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі арқылы команда құрылып, команда мүшелерімен панельдік дискуссия өткізу арқылы жобаның маңыздылығы түсіндірілді. Команда 11 адамнан құрылды.4 «А», 8 «А» сыныптары бойынша ағылшын, әдебиеттік оқу, қазақ тілі пәндері бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді. Осы пәндер бойынша сабақ беретін пән мұғалімдерімен «Тиімді қарым – қатынас» тақырыбында кәсіби сұхбат ұйымдастырылды. Нәтижелі жұмысқа қол жеткізу мақсатында «бірлескен кмж құру» отырыстары жүйелі жүргізіліп, тізбектелген сабақтар топтамасы құрылды. Команда мүшелері үнемі сабақтарға қатысып, талдау жүргізіп, тәжірибе алмасты. Сонымен қатар, «Оқуға құштар» жобасы іске асты.

Нәтижесінде:

- 4 «А» сыныбында әдебиеттік оқу, ағылшын пәндерінен сапа көрсеткіші артты.
- «Оқуға құштар сынып» жобасы аясында өздігінен оқу жүзеге асты. Соның ішінде 4«А» сыныбында 5 минуттық дауыстап оқу, 15 минуттық үзілістерде кітапханада түрлі оқулар ұйымдастырылып, білім алушылардың оқуға қызығушылығы артып, кітапхана оқырманы көбейді.
- «Менің үйдегі кітапханам» жүзеге асырылды, 4 білім алушылардың кітапханасы жасақталды.
- «Отбасылық оқу» ұйымдастырылып, ата – аналардың кітап оқуға құштарлығы артты.
- 8 «А» сыныбында ағылшын тілінен шағын пьеса, диалогтік жұмыстар ұйымдастырылды. Пәнге деген қызығушылықтары артып, интернет желісі арқылы онлайн байқауларға қатысы көбейді.
- Мектеп командасының жұмысы жүйелі, жақсы жүргізілді, мұғалімдер белсене қатысты, сыныптарда тізбектелген сабақтар топтамасы өтті, ол

сабақтарда тиімді коммуникациялар қолданылды. Соның ішінде топтық, жұптық жұмыстар жүзеге асырылды.

- Әрбір өткізілген жұмыстар әлеуметтік желілерге, You Tube каналдарына жарияланды.

Мектеп командасының жұмысын жалғастыру мақсатында 2022-2023 оқу жылы «Математика пән мұғалімдерінің пәндік құзіреттіліктерін бірін-бірі оқыту тәжірибесі арқылы жетілдіру» тақырыбында жұмыс жүргізіліп келеді. Бұл тақырыпты таңдап алу себебіміз:

1. Математика пәнінен пәндік олимпиада нәтижесінің төмендігі;
2. Математика пәнінен ҰБТ көрсеткішінің төмендігі (орта балы 6,4);
3. Білім алушылардың оқуға қызығу талпыныстарының болмауы;
4. Үй тапсырмасын орындаудағы олқылықтар;
5. Математика пәнінің білім сапасының төмендігі;

Жобамыздың мақсаты: Математика пәнінің сапасын көтеру, білім алушыларды білім алудағы жоғары нәтижелерге талпынысын тудыртуға ынталандыру.

Өткен оқу жылында бір команда жұмыс атқарса, биылғы оқу жылында екі команда жүйелі жұмысын бастады.

1. Бастауыш сыныптарының математика пәнінен 7 мұғалім,
2. 5-11 сыныптар бойынша математика пәнінен 7 мұғалім

Оқу жылының басынан бастап жоспар құрылып, төмендегідей жұмыстар атқарылды:

- 2022 жылдың қыркүйек айының 15-сі күні жобаның негізгі мақсаты, табыс критерийлеріне жетудің жолы жөнінде әкімшілікпен кәсіби сұхбат жүргізілді.
- Қыркүйек айының 19-ы күні команда құруға байланысты «Команда және біз» тақырыбында семинар өткізіліп, команда құрылды. Команда құрамы 11 адамнан тұрады.
- Қыркүйек айының 21-23 аралығында Оқушы үнін есту мақсатында оқушыларға сауалнама жүргізілді. Айқындалған проблема талқыланып, шешу жолы карастырылды. Математика пәнінен тестілеу арқылы бағдарламадағы білім

деңгейін анықтау мақсатында бақылау жұмыстарын өткізу арқылы білім алушылардың білім деңгейі анықталды. (Оған 8-11 сыныптан 69 оқушы қатысты)

- Қыркүйек айының 27-сі күні «Математика пән мұғалімдерінің пәндік құзіреттіліктерін бірін-бірі оқыту тәжірибесі арқылы жетілдіру» тақырыбында курстан өтіп келген әріптестермен кәсіби сұхбат жүргізілді. Курс бағдарламасының бүгінгі заман талабына сай қаншалықты маңызды екендігіне, қазіргі бағдарламаның құрылымына, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретіне тоқталды. (математика пәні мұғалімі А.Исаева)

- Қазан айының 10-28-і аралығында оқушылардың білім деңгейлерін анықтау мақсатында математика пәнінен сабақтарға қатысу жүргізілді. (6 сабаққа қатысылды)Тоқсанның аяғында сабақтарға кері байланыс жасалынды.

- Қазан айының 17-сікүні «Математика пәнін оқытудағы белсенді әдіс тәсілдер» тақырыбында сабақ үрдісіндегі жаңа әдіс- тәсілдердің оқытудағы маңызын ажырату, оқушыны дамытатын дағды мен қабілеттерді анықтау, белсенді оқыту стратегиялары бойынша тәжірибе алмасу мақсатында коучинг өткізілді
(Коучингке 9 мұғалім қатысты). Жоспарға сәйкес жұмыстар жалғасын табады.

-Қараша айында 8 «А», 3 «Ә» сыныптарында математика пәнінен оқу сапасын арттыру үшін команда мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету және оқу үдерісін зерделеудегі дағдыларын қалыптастыру бағытында Lesson Stadi зерттеу сабақтарының I кезеңі өткізіліп, талдау жасалды.

-Желтоқсан айында «Білім сапасын қалай арттыруға болады?» тақырыбында команда мүшелері ұйымдастыруымен коучинг өткізілді.

Алға қарай, командалық жүйелі, нәтижелі жұмыстар жалғасын табады.

Хабарламашы: **К.К.Куспанова**

Бекітемін
Мектеп директорының уақытша
міндетін атқарушы
_____ Н.Уахитова
«2» наурыз 2023 ж

Тақырыбы: Математикалық тренинг.
Тренингтің мақсаты: Ұстаздар қауымының қабілеті, ынта-жігерін, қызығушылығын, шығармашылығын, біліктілік дағдыларын арттыру. Бастауыш мектептегі оқыту үрдісінің негізгі мақсаты оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың ойлау қабілетін дамыту және белсендіру.
Жұмыс түрі: топтық
Кіріспе сөз.

Шығыстың ұлы ойшылы М.Сағади айтқандай "Сен теорияда қанша мықты болғанымен, оны қолданбайынша, бәрібір надансың".

Ұйымдастыру кезеңі : сәлемдесу, тренингтің мақсаты мен тапсырмаларын жариялау.

1. Түстерді таңдау. (Әр топ қатысушылары өздеріне ұнаған түсті таңдайды.) .


Қызыл	Ақ	Көк
Шапшаң мінезді, жұмсақ жүректі, жұмысты дер кезінде орындайтын, тәуекешіл, қарсыласуға дайын тұратын адамдар.	Аққөңіл, ақжарқын, елгезек адамдар. Көп істері адал болады. Балалық мінездерінен әлі қоштаса алмаған адамдар.	Салқын қанды, өзіне сенімді, басқалардың ренжіткенінді қаламайтын, тыныштық сүйетін адамдар.

2. Тренинг "Көрші".
Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылулық сыйлау.
Нұсқаулық:


Көршіңді оң жақтан құшақта,
Көршіңді сол жақтан құшақта.
Оң жақтағы көршіңе бір жымыйып,
Сол жақтағы көршіңе бір жымыйып.
Оң жақтағы көршіңе оң көзіңді,
Сол жақтағы көршіңе сол көзіңді қысып
Бүгінгі тренинг барысы,
"Біз үлкен отбасы" - деп бір-бірімізбен амандасып алайық.

3. Біз қандай адамбыз? Эрик Фромның "Мен және қоршаған әлем" квадрат ойыны
Нұсқау: Төрт фигураның ішінен өзіңізге бір фигураны таңдаңыз.


Ашық,тәртіпті жақсы көретін адам.




Мінезі тік, айтқанынан қайтпайтын адам.



Сабырлы, асықпайтын жай адам.



Қарама-қайшы сөзі мен ісі сәйкес келмейді.



4. Топтық жұмыс. (Әр топ отбасы туралы тақырыптарын қорғайды)

5. Сергіту сәті .Аңдар мен жәндіктер.


Әр адам өзіне өте ұнайтын аңдар мен жәндіктердің атын жазады. Осыдан кейін нұсқаушының оқыған сөйлемін тыңдайды, оқылған сөйлем арасында пауза арасында өзі жазған сөйлемдерді қойып отырады, яғни өзінің кім екенін анықтау.

1. Мені жұрт.....деп ойлайды.
2. Бірақ мені .....деп ойласа екен деп ойлаймын.
3. Негізі мен.....

6. Өтірік өлең шығару сурет бойынша.







IV. «Мақал-мәтелдер» сайысы

Суреттерге қарап мақал-мәтелдер құрастыру

V. «Орамал тастау» ойыны

Ойынға қатысушы өздері сұрақ қоя отырып орамал тастайды. Орамал алған оқушы сұрақ жауабын айтып, қайтадан ормалды келесі ойыншыға береді. Келесі сұрақты басқа балаға қойып,оның жауабын алады т.с.с ойынды жалғастырады.

VI. «Полиглот» жұмбақтар шешу

Бұл бөлімде жұмбақ жасырылады. Жауабын орысшаға және ағылшыншаға аударады.Бір тілде жауап берсе 5 ұпай, екі тілде жауап берсе 10 ұпай, үш тілде жауап берсе 15 ұпай алады.

1. Жоқ өзінде бас та, қас та, мойында

Ұзындығы жазулы тұр бойында. (Сызғыш, линейка, a ruler)

2. Қабат-қабат қаттама
   Ақылың болса аттама (кітап, книга, book)
3. Түйеқұс таразыда бір аяғымен тұрғанда 12 кг тартады, ал екі аяғымен тұрса қанша тартады? (он екі, двенадцать, twelve)
4. Аяғы біреу қолы жоқ, шиыр-шиыр жолы көп (қалам, ручка, pen)
5. Он бір түйе бес жылқы,
   Екі сиыр , бес ешкі,

   Екі қоян, үш түлкі

   Таба алмасаң бос күлкі. (жиырма сегіз, двадцать восемь, twenty eight)

6. Бес ін, бес іннің аузы бір ін (қолғап, варежки, mitten)

VII. «Сөз мәйегі»

«Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөзадамның ең жоғарғы қасиеті» Ғ.Мұстафин

Тапсырма: Адасқан әріптерді дұрыс қойып, бір сөз шығару. (әр топқа 3 сөзден беру керек. Уақыт беріледі)

1-топ: Теорема, сәуле, түзу

2-топ: дәреже, пайыз, пропорция

3-топ: бөлшек, нүкте , кесінді

4-топ: шеңбер, бұрыш, шаршы

5-топ: диаграмма, теңдеу, формула

6-топ: көбейту, периметр, , қосу

VIII. «Сандар сыры аялдамасы»

(Әр топқа 1-ден 6-ға дейінгі сандардың сырын аштыру)

IX. «Еселік» ойыны

6 оқушы шеңбер жасай айнала тұрады. Бірден бастап санай береді 1,2,3,..4,5,... тек үшке бөлінетін сан кездескенде оны атамай «еселік» деп өту керек. Жаңылысқан бала ойыннан шығып қалады да, қалған балалар әрі қарай жалғастырады. Қателеспеген бала ойын соңында жеңіпаз атанады

X. Біліктілік сайысы (Пострмен жұмыс)

(Әр топқа геометриялық фигуралар беріледі. Барлық фигуралардан сурет салу)

Көрерменмен жұмыс.

1. Нөлге және жұп цифрға аяқталатын сандар қалай аталады? Жұп сандар
2. Заттарды санау үшін қолданылатын сандар? Натурал сандар
3. Алмұрт алмадан ауыр, ал алма өріктен ауыр. Алмұрт ауыр ма, әлде өрік ауыр ма? Алмұрт
4. 7 ағалы-інілілердің бір бірден қарындастары бар.отбасында барлығы неше бала бар? 8 бала
5. Бұрыш өлшейтін құрал? Транспортир

XI. «Бәйге» сайысы

Топ басшылары қатысады. Әр топ басшыларының арқасына бір сөз жасырылады. Топ мүшелері қимылмен түсіндіреді): Түзу, кесінді, бұрыш, үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер

XII. Қорытынды

Хор. « Математиканың ән ұраны»
(«Ақ бантик» әнінің әуенімен)

I. Балауса пән едің бір кезде
Көбейту, қосудан басталған
Түрленіп кеттіңғой бұл күнде
Мәніне көз тастап ойланам.
Қайырмасы: Өрнек, бөлшек қандай қызық
Армандайды химик физик
Математи - кай,
Сен биіксің еркем, тау шыңдарындай

II. Ғылымдар патшасы өзіңсің
Нарықты заманның көзісің,
Ақыл-ой сананы әрдайым
Тәртіпке келтірген өзіңсің
Қайырмасы: Өрнек, бөлшек қандай қызық
Армандайды химик физик
Математи - кай,
Сен биіксің еркем, тау шыңдарындай


Биология каж

















Нургул Уахитова сейчас с **Нұржау Жалпы Орта Мектебі** и **ещё 6**.

2 мар. ·

⛳ 'Әдістемелік шеберхана' апталығында
ектеп командасының жұмысы белсенді
үргізілді!
Нұржау жалпы орта мектебінің оқу-тәрбие
ұмысының жоспарына сәйкес жүріп жатқан
пталық аясында мектеп командасы алынған
коба тақырыбына сәйкес 'Математикалық
еш' ұйымдастырды.
Мақсаты:
♨️ Математика пән мұғалімдерінің кәсіби
ұзыреттіліктерін дамыту;
♨️ Пәнге байланысты логикалық есептерді
әсекеге түсе отырып шығару, ашық
ұрақтарға жауап беру;
♨️ Бірлескен жұмыстарға қатыстыра отырып
елсенділіктерін көтеру, тәжірибе алмасу;
⏰ Математикалық кешке 2 топ қатысты:
1 топ- бастауыш сынып мұғалімдері
2 топ- 5-11 сыныптарға сабақ беретін
атематика пәнінің мұғалімдері.

2 топ- 5-11 сыныптарға сабақ беретін математика пәнінің мұғалімдері.

⛳ Кеш төмендегідей жоспарға сәйкес өтті:

🌞 'Математика- нақты ғылым' (ой талқы)

🌞 'Қызықты формула' (топтық сайыс)

🌞 'Тарсия' (өткізілген Lesson study сабақтарын қорытындылау, пирамида құрылды);

🌞 'Лото' (ашық сұрақтар)

🌞 'Крестики, нолики' (сергіту сәті)

🌞 Логикалық есептер (топтық жұмыс)

Мұғалімдер барлық жұмыстарға белсене қатысып, топтық жұмыстарда берілген есептерді түрлі тәсілдермен шығара отырып, тәжірибе алмасты. Әр топ өзінің көзқарасын, гипотезасын ұсынды. Кеш соңында екі топтың ортасындағы бәсеке достық көпіріне жалғасып, 'Математика пән мұғалімдерінің гимнімен' жоғары деңгейде, жақсы көңіл-күйде аяқталды! Әрбір жұмыстың қорытындысы болады демекші, кеш соңында екі топқа кері байланыс берілді, 'өте белсенді' болған жоғары сынып математиктеріне қазақтың 'Бешбармағы', ал 'белсенді' қатысқан бастауыш сынып мұғалімдеріне 'Пицца' таратылды.

Математика тарихта, өнерде, физикада

☀️ Қызықты формула (топтық жұмыс)
☀️ 'Тарсия' (өткізілген Lesson study сабақтарын қорытындылау, пирамида құрылды);
☀️ 'Лото' (ашық сұрақтар)
☀️ 'Крестики, нолики' (сергіту сәті)
☀️ Логикалық есептер (топтық жұмыс)

Мұғалімдер барлық жұмыстарға белсене қатысып, топтық жұмыстарда берілген есептерді түрлі тәсілдермен шығара отырып, тәжірибе алмасты. Әр топ өзінің көзқарасын, гипотезасын ұсынды. Кеш соңында екі топтың ортасындағы бәсеке достық көпіріне жалғасып, 'Математика пән мұғалімдерінің гимнімен' жоғары деңгейде, жақсы көңіл-күйде аяқталды! Әрбір жұмыстың қорытындысы болады демекші, кеш соңында екі топқа кері байланыс берілді, 'өте белсенді' болған жоғары сынып математиктеріне қазақтың 'Бешбармағы', ал 'белсенді' қатысқан бастауыш сынып мұғалімдеріне 'Пицца' таратылды.

Математика тарихта, өнерде, физикада, химияда және тілдерде де қажет, сондықтан әрбір шәкірттеріңіз математикалық сауатты, терең білімді, танымдық іс-әрекеті жүйелі болуына тілекшіміз!!!



Бакыт Камахаева и еще 2

Нравится Комментировать Поделиться





Бакыт Камахаева и еще 2

Нравится Комментировать Поделиться





Бакыт Камахаева и еще 2

Нравится Комментировать Поделиться



Нұржау жалпы орта мектебі

Нуржауская общая средняя школа

Т. Бахтыгереева
Д. Жуманова
үшін үлгіс үшін

Н.Уахитова

№ _____

ЫСЫ
ИАСЫНЫҢ
ҰДАНЫ
Ы"

ІІК

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

"ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ КУРМАНГАЗИНСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ"

шекбаев көшесі, 25

06-13-05-2/247

060400, село Құрманғазы, ул.С.Кошекбаева, 25
тел./факс: 8 /71233/ 2 04 99
kurm.roo@atyrau.gov.kz

Абай, Ф. Оңғарсынова,
М. Ломоносов, Ю. Гагарин
атындағы, Нұржау, Еңбекші,
Ақкөл жалпы орта
мектеп директорларына

Құрманғазы ауданы білім бөлімі Атырау облысы Білім беру басқармасы Әдістемелік орталығының 2023 жылғы 13 сәуір күнгі №461 санды хатына сай 2023 жылдың 25 сәуірінде «Мектеп командасы: жоба, нәтиже, болашақ» тақырыбында облыстық фестиваль өтетінін хабарлайды.

Мақсаты: мектеп командасы жұмысының тиімді ұйымдастырылуын талдау, бағалау және қолдау көрсету.

Фестивальге мектеп командасы (директор-1, орынбасар-1, педагог-1) міндетті қатысуы сұралады.

Өтетін орны: Атырау қаласы, Геолог-2 ауылы, №36 мектеп-гимназиясы

Өтетін уақыты: 25 сәуір 2023 жыл

Жалғанды: 1 парақ

Әдістемелік кабинет меңгерушісі: **Т. Бахтыгереева**

Орындаған: Г. Жуманова
Телефон: 21539

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «НҰРЖАУ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ
Кіріс № 420
«18» 04 2023 ж.

Қосымша 1

«Мектеп командасы: жоба, нәтиже, болашақ» тақырыбындағы облыстық фестивальге қатысу мәліметі

р/с	Қаласы/ауданы, мектебі	Команда атауы	Команда мүшелерінің аты-жөні	Лауазымы,	байланыс телефоны

«Мектеп командасы: жоба, нәтиже, болашақ» тақырыбындағы облыстық фестивальдің ережесі

1. **Барлық мектеп командаларына қойылатын талаптар:**
   - командаңың атауы;
   - девизі;
   - миссиясы.

2. **Жобақорғауға қойылатын талаптар:**
   - қорғау уақыты –7минут. Жобаны қорғауға команда мүшелері түгел қатысады;
   - жобаның атауы;
   - құндылығы;
   - нәтижесі;
   - команда жұмысының тиімділігі;
   - командамен жұмыс нәтижесі;
   - жобаны қорғау форматы таңдау бойынша: дәстүрлі, ерікті, TEDx.

3. **Постер қорғауға қойылатын талап:**
   - қорғау уақыты – 3минут. Мектеп басшысы қорғайды.
   - постер өлшемі 60Х80, көлденеңінен.
   - жобаның атауы;
   - құндылығы;
   - нәтижесі;
   - команда жұмысының тиімділігі;
   - командамен жұмыс нәтижесі.

4. **Мектеп командаларының фестивальге қатысу киім формалары:**
   - шалбар, футболка, бейсболка.

5. **Футболка мен бейсболка түсі:**
   Атырау қаласы– қызыл;
   Жылыой –.көк;
   Индер кою – көк;
   Исатай –сары;
   Мақат кою – жасыл;
   Махамбет – қара:
   Құрманғазы - ашық жасыл;
   Қызылкоға – ақ.

– филиалдар